

Дүниетану

2

Жалпы білім беретін мектептің
2-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі бекіткен*












Алматы «Мектеп» 2022


ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 20.1я71
Д87

Авторлары:

Ш.Т. Толыбекова, Г.Е. Головина, М.А. Дюжикова, В.Ю. Золотарёва

Шартты белгілер:

-  Жеке жұмыс
-  Үлкендердің көмегімен жүргізілетін жұмыс
-  Мұғалімнің көмегімен жүргізілетін жұмыс
-  Жұппен жұмыс
-  Топпен жұмыс
-  Өзіндік оқу
-  Шығармашылық жұмыс
-  Қосымша ақпарат көздерімен жұмыс
-  Интерактивті тапсырма

 Рефлексия – жұмысты бағалау (жұмыс дәптеріне бояп көрсету: жасыл – бәрі түсінікті; көк – түсіндім, бірақ сұрақтарым бар; қызыл – жеткілікті түсінбедім)

Дүниетану. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық / Ш.Т. Толыбекова, Г.Е. Головина, М.А. Дюжикова, В.Ю. Золотарёва. – Алматы: Мектеп, 2022. – 104 б., сур.

ISBN 978–601–07–1637–7

Д $\frac{4306021000-098}{404(05)-22}$ 3(1)–22

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 20.1я71

ISBN 978–601–07–1637–7

© Толыбекова Ш.Т., Головина Г.Е., Дюжикова М.А., Золотарёва В.Ю., 2022
© «Мектеп» баспасы, көркем безендірілуі, 2022
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқықтары «Мектеп» баспасына тиесілі

Қымбатты жас дос!

Сені жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймыз!

2-сыныпта сен қоршаған ортамен танысуды жалғастырасың. Бұл сапарда саған «Саяхатшы» деп аталатын әуе шары көмектеседі.

Оқулықты оқи отырып, отбасындағы қарым-қатынас пен дәстүрлер туралы білесің. Мектеп пен қоғамдық орындарда өз құқықтарыңды сақтауға, міндеттеріңді орындауға үйренесің.

Мектептің ішкі тәртібін меңгеріп, сынып ережелерімен танысасың. Ертедегі адамдардың тыныс-тіршілігі туралы қызықты ақпарат аласың.

Қазақстан картасын пайдаланып, еліміздің көрікті жерлеріне саяхат жасайсың. Оқу материалдарын меңгере отырып, жергілікті жерді бағдарлауды үйренесің.

Оқулықтан алған білімің қоршаған ортаны еркін бағдарлай білуге көмектеседі деген сенімдеміз. Білім алудағы қадамдарыңа сәттілік тілейміз!

Авторлар

**Сені
қызықты
саяхат күтуде!**



Мен және менің отбасым

1-сабақ. Отбасы портреті

Бүгінгі сабақта:

- ♦ отбасылық мұрағаттағы фотосуреттер бойынша өз отбасы мүшелерің туралы әңгімелеп үйренесің.

Тірек сөздер

- ♦ отбасы
- ♦ отбасылық мұрағат



Бір-біріңе өз отбасыларың туралы әңгімелеңдер.

Отбасы мұрағаты – отбасыңның тарихы. Отбасы үлкен және шағын болады.




Менің отбасым үлкен. Отбасымда атам, әжем, әкем, анам, ағам, әпкем бар. Атам мен әжем – зейнеткерлер.



Сенің ата-әжең немен айналысады? Оларға қандай көмек бересің?



Менің әкем – құрылысшы. Ол зәулім үйлер мен ғимараттар тұрғызады. Анам наубайханада жұмыс істейді. Ол дәмді нандар мен тоқаштар пісіреді.



Бір-біріңе ата-аналарың жайлы айтып беріңдер. Олар немен айналысады?

Менің ағам спортпен айналысады. Әпкем сурет салады. Ал мен бос уақытымда кітап оқығанды ұнатамын.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Отбасыңа қандай қолғабыс тигізесің?
- 2 Сенің қандай іс-әрекетің жақындарыңа қуаныш сыйлайды?



«Менің сүйікті отбасым» тақырыбына дәптеріңе әңгіме құрастырып жаз.



2-сабақ. Отбасындағы әдеп нормалары

Бүгінгі сабақта:

- ♦ отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіре аласың.

Тірек сөздер

- ♦ әдеп
- ♦ әдеп нормасы
- ♦ мінез-құлық нормасы
- ♦ отбасылық дәстүр

Норма – қалыптасқан тәртіп. Оған отбасылық дәстүрлер де жатады. **Әдеп** – адамның өнегелі мінез-құлық нормалары. **Әдептілік** – әдеп талаптарына сәйкес болу.



Отбасылық дәстүр дегеніміз не?

Отбасылық дәстүр – отбасында қабылданған мінез-құлық нормалары, әдет-ғұрыптар мен көзқарастар жиынтығы. Олар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады.

Отбасындағы ата-ананың басты міндеті – балаларын жақсы адам етіп тәрбиелеу. Ал балалар ата-анасын құрметтеп, оларға көмектесуі керек. Отбасындағы қарым-қатынас адалдық пен сенімге негізделеді.




Суреттерге қарап, отбасындағы қарым-қатынас туралы әңгімелендер.



«Шаңырақ сәні – сыйластық» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесің?




Сендер отбасы мүшелері қатысатын жарыстар мен сайыстар бар екенін білесіңдер ме? Мұндай іс-шаралар отбасы мүшелері арасындағы татулықты нығайтады. Оларды бір-біріне қолдау көрсетуге үйретеді.

 Қалай ойлайсыңдар, спорт жарыстарында жеңіске жету үшін не істеу керек?




Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1 Әдеп нормасы дегеніміз не?
 - 2 Сенің отбасыңда қандай салт-дәстүрлер сақталған?
-  Берілген сөздердің ішінен бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді тап. Оларды дәптерге жаз.

дәптер құрмет отбасы ескерткіш
сыйластық күн әдеп ереже
тәрбие ағаш көмек қолдау



3-сабақ. Жалпыға ортақ әдеп нормалары

Бүгінгі сабақта:

- ♦ жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтап, түсіндіресің;
- ♦ мысалдар келтіріп үйренесің.

Тірек сөздер

- ♦ жалпыға ортақ әдеп нормалары
- ♦ Қазақстан халқының дәстүрі

Әр халықтың өз мәдениеті, салт-дәстүрі мен **жалпыға ортақ әдеп нормалары** болады.

Қазақстан халқына ортақ **дәстүрлер** бар. Соның бірі – қонақжайлылық. Қазақ қонақты құрметтеп, төрге отырғызған.



«Қонақ келсе, құт келер» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесің?

Халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі – қамқорлық. Бұл – адамдардың бір-біріне қиындықта көмекке келуі. Мысалы, Ұлы Отан соғысы жылдары елімізге қоныс аударған көптеген ұлт өкіліне қазақ халқы көмек көрсетті. Оны ақын-жазушылар өз шығармаларында жазды. Бұл туралы көркем фильмдер де түсірілді.



«Қамқорлық» дегенді қалай түсінесің? Өзің көрген кино, мультфильмнен немесе оқыған ертегіңнен қамқорлық жасаған кейіпкерлерді мысалға келтір.

Дастарқан басында, мектепте, театрда, қоғамдық көлікте өзін ұстаудың жалпыға ортақ ережелері бар.

Қоғамдық орындарда айқайлап сөйлеуге, шулауға, бірін-бірі итеруге, қоқыс тастауға **болмайды**.

Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы және кішіпейіл болу керек.



Мектепте, саябақта, кинотеатрда өздеріңді қалай ұстайтындарыңды талқылаңдар.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Қоғамдық орындарда қандай әдеп нормаларын сақтау керек?
- 2 Үйіңе қонақ келгенде өзіңді қалай ұстайсың?



Суреттер бойынша әңгіме құрастырып дәптеріңе жаз.



4-сабақ. Тұтынуға қажетті заттар

Бүгінгі сабақта:

- ♦ тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерін анықтайсың.

Тірек сөздер

- ♦ тұтыну заттары
- ♦ тауар

Әрбір үйде күнделікті қолданатын заттар болады. Бұл заттар тұрмыстық мақсатта пайдаланылады.



Суреттерде күнделікті тұтынатын заттар бейнеленген. Оларды қандай мақсатта қолданады?



Тауар – ақшаға сатуға, сатып алуға болатын кез келген зат. Әрбір тауардың бағасы болады. **Баға** – бұл тауардың құны.



Өз сөмкеңдегі оқу құралдарының бағасын есептеп көр.



Күнделікті өмірде адамға жайлы үй, жарық, жылу, су, тамақ, киім қажет. Осы қажеттілікпен өздерін қамтамасыз ету үшін, олар электрстансыларында, шахталарда, зауыттарда, фабрикаларда жұмыс істейді. Ауылдық жерлерде егін егіп, мал бағады. Ғалымдар ғылыми жаңалықтар ашады.



Есіңе түсір

- Нан қайдан келеді?
- Көгөністерді кім өсіреді?



Суреттерге қарап, күнделікті тұрмысқа қажетті заттардың қайда жасалатынын әңгімелеңдер.






Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Әрбір үйде күнделікті тұтынатын қандай заттар бар?
- 2 Фабрикалар мен зауыттар не үшін салынады?
- 3 Ауылдағы қандай еңбек түрлерін білесің?



Үлкендермен сұхбат жүргіз. Олардың жұмыста немен айналысатынын біл. Сұхбаттан кейін тұтыну заттары мен олардың қайдан алынатыны туралы коллаж жаса. Үйдегі заттардың қайсысы қалада, қайсысы ауылда өндіріледі?



Өзім туралы Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Керекті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

- а) Отбасы ... және ... болады.
- ә) Балалар ата-анасын ... керек.
- ә) Отбасындағы қарым-қатынас ... пен ... негізделеді.

шағын

сенімге

үлкен

құрметтеуі

адалдық

2. Өлең не туралы? Сенің ойыңша, тағы қандай әдеп нормалары бар?


Әдепті бала

Қарсы алдынан кесіп өтпей көлденең,
Қашанда мен үлкендерге жол берем.
Абайсызда қалса біреу сүрініп,
Сол заматта сүйеніш боп, қол берем.

Тілін алып кішінің де кәрінің,
Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.
Ата-ананың айтқан сөзін тыңдауды
Әдептілік белгісі деп таныдым.

Әбдірахман Асылбек

3. Сөзжұмбақты шеш.



1. ... – отбасынан басталады.
2. Айтары мол ғұлама,
Көп жасасын бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің
Білер оны сұраған.
Ол кім?
3. Немеренің баласы –
Көңілінің санасы,
Атасына немене?
Әжесіне немене?
4. Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Бұл кім?
5. ... бірдің – уысы бір.
6. ... бардың жағасы бар,
Інісі бардың тынысы бар.

4. Жағдаяттық тапсырмаларды оқып, өз ойыңды білдір.

а) Болат автобусқа кіріп, бос орынға отырды. Оның артынан үлкен дорбасын көтерген әже кірді. Бірақ Болат әжені байқамағандай, терезеге қарап отыра берді.

Сен Болаттың орнында болсаң не істер едің?

ә) Назым анасымен бірге театрға барды. Оның жанында отырған балалар бір-бірімен сөйлесіп, қатты күлді. Қойылымға келген көрермендердің мазасын алды.

Балалардың іс-әрекетіне баға бер. Оларға қандай кеңес берер едің?

5. Жұмбақтарды шеш.

1. Қойған тамақ «үйінде»,
Тұратын мұздай күйінде.
2. Көрмедім еш үйінді
Қолданбас бұл бұйымды.
Жазып қыртыс-тыртысын,
Жаңалайды киімді.
3. Тыңдап әнін, өлеңін,
Үйден кино көремін.
4. Кесе, шыны, пияла –
Оларсыз шай құя ма?
Қасықсыз тамақ жемейді,
Бәрінің атын не дейді?

Құқық және міндет

5-сабақ. Баланың құқықтары мен міндеттері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз өміріңнен мысалдар келтіру арқылы құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажыратасың.

Тірек сөздер

- ♦ конституция
- ♦ құқық
- ♦ міндет
- ♦ жауапкершілік

Құқық – заң аясында бір нәрсені жүзеге асыру мүмкіндігі.



Мемлекет әрбір баланың құқығын қорғауға және сақтауға міндетті. Баланың құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының **Конституциясында** жазылған.



Глоссарийді қарап, *конституция* ұғымымен таныс.

Конституцияда балалардың мерекесі бекітілген.



Қалай ойлайсыңдар, бұл қандай мереке?

Сенің құқықтарыңмен қатар қоғамның, мемлекеттің, жақындарыңның алдында орындауға тиісті өз міндеттерің де бар.



Міндет дегеніміз не?



Есте сақта

Барлық бала тең құқылы.

Міндет – әр азамат орындауы керек іс-әрекет.

Аты мен тегін алуға



Құқығының қорғалуына



Демалуға, шығармашылықпен айналысуға



Медициналық көмек алуға



Ата-ана қамқорлығын көруге



ӘРБІР БАЛА ҚҰҚЫЛЫ

Білім алуға



Конституцияда балалардың негізгі міндеттері жазылған. Олар:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға;
- 2) мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;
- 3) басқа адамдарды сыйлауға;
- 4) ата-аналарына қамқорлық жасауға;
- 5) тарихи және мәдени мұраларды сақтауға;
- 6) табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті.


Жауапкершілік – азаматтың өз іс-әрекетіне жауап бере алуы.



Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1) Сенің қандай құқықтарың бар?
 - 2) «Жауапкершілік» дегенді қалай түсінесің? Мысал келтір.
- Сенің мектептегі міндеттерің қандай? Оларды дәптеріңе жаз.



6-сабақ. Өмір сүру – Отанға қызмет ету

Бүгінгі сабақта:

- ♦ қоғамға қызмет етудің маңыздылығын түсінесің.

Тірек сөздер

- ♦ Отан
- ♦ азамат
- ♦ патриот

Бала өмірге келген күннен бастап мемлекеттің қамқорлығында болады. Ол – Қазақстанның жас **азаматы!** Әрбір адам – өз туған жерінің, өмір сүріп жатқан елінің азаматы.

Отан

Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің – тірегім,
Құшағында гүл атам.

Шығысыңнан арайлы
Күліп атқан құба таң.
Сенен бақыт тарайды
Баршамызға, Ұлы Отан...

Совет Әлімқұлов



Отан
деген сөзді
естігенде қандай
сезімде
боласың?

Патриот – Отанын сүйіп, мақтан тұтатын, оның тарихын білетін адам. Мұндай адам Отаны үшін ерлік жасауға дайын болады.

Сен өз Отаныңды сүйіп, білімді, батыл, адал азамат болғанда ғана еліңе пайдаңды тигізе аласың.



Есте сақта


Өткеніңді ұмытпа. Бүгініңді біл. Өз болашағыңды Отаның – Қазақстан Республикасына қызмет етуге арна.




Бұл танымал тұлғалардың есімдері халық жадында мәңгі сақталады. Олар өз Отанына, халқына адал қызмет етті. Сонымен қатар табандылық пен батыл-дықтың үлгісін көрсетті. Олардың еңбектері халқымыздың рухани байлығына айналды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Сен өзіңді «еліңнің азаматымын» деп санайсың ба? Неліктен?
- 2 Қазақстан Республикасының нағыз азаматы қандай қасиеттерге ие болуы керек?
- 3 Өз Отаны үшін аянбай қызмет еткен тағы кімдерді білесің?

 Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, қазақ халқының көрнекті қайраткерлері туралы біліміңді толықтыр. Олар туралы шағын әңгіме жаз.



Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

7-сабақ. Халықтар достығы

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстан халықтары достығының маңызын түсінесің.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні.

Қазақстан халқы үшін аталған мемлекеттік мейрамның мәні ерекше. Бұл мереке халықтар арасындағы **достық** пен татулықты насихаттайды. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Біздің елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері бейбіт өмір сүруде. Әр халықтың өз ана тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті бар. Біз – Қазақстанның **біртұтас** халқымыз.

Тірек сөздер

- ♦ бірлік
- ♦ Қазақстан халқы
- ♦ достық
- ♦ біртұтас



Суретте қандай ұлт өкілдері бейнеленген?

Бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрамыз!



Халық – белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.



Ағайынбыз бәріміз!

Жақсылыққа, бақытқа
Талпынған әр уақытта,
Бала біткен дос, бауыр,
Болмасын еш тосқауыл.

Болсын жер мен су ортақ,
Болсын бізде ту ортақ.
Ақпыз, қара, сарымыз –
Ағайынбыз бәріміз!


Әнуарбек Дүйсенбиев

Осы тамаша көктем мерекесін еліміздегі барша халық тойлайды. Мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар қатысады. Олардың мақсаты – елімізде тұратын өзге ұлттардың салт-дәстүрімен, мәдениетімен, өнерімен таныстыру. Бұл күні адамдар бір-біріне жылы сөз айтып, қуаныш сыйлайды.


Халық деген сөздің мағынасын қалай түсінесің?



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Қазақстан халқын не біріктіреді? Мысал келтір.
 - 2 Қандай ұлттық салт-дәстүрлерді білесіңдер? Олар туралы әңгімелеңдер.
-  Мына ұғымдардың мағынасын ашып, кестені дәптерге толтыр.

Көпұлтты мемлекет	Халық



Менің отбасым және достарым

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Баланың құқықтары мен міндеттерін ажыратып, оларды топтарға бөл.

ҚҰҚЫҚТАР

шығармашылықпен айналысу

Отаны мен халқын сүю

мектепке бару

МІНДЕТТЕР

басқаның құқығын
құрметтеу

медициналық көмек алу

ата-анасының қамқор-
лығын көру

2. Мақалдың мағынасын түсіндір.

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

3. Сөйлемдерді толықтыр.

Қазақстанда ... ұлт пен ұлыс тұрады.

Әрбір халықтың өз ... , ... , ... бар.

Қазақстан – ... мемлекет.

4. Қате жауаптарды тап.

Мектеп оқушыларының құқықтары:

а) білім алу;

ә) демалу;

б) аты мен тегін алу;

в) мектеп кітапханасындағы кітаптарды ақылы пайдалану.

Мектеп оқушыларының міндеттері:

- а) мемлекеттік рәміздерді құрметтеу;
- ә) ата-аналарына қамқорлық жасау;
- б) Қазақстан Республикасының заңдарын бұзу;
- в) табиғат байлықтарына ұқыпты қарау.

Достықтың белгісі:

- а) бір-біріне адал болу;
- ә) жалған сөйлеу, өтірік айту;
- б) өзара сенім білдіру;
- в) бір-біріне көмек көрсету.

5. Ертегі кейіпкерлерінің құқықтарын анықта.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмін көр.

1. Маса айдаһарға не айтқысы келді?
2. Масаға не кедергі жасады?
3. Ертегі кейіпкерлерінің қандай құқықтары бұзылды? Неліктен?



6. Керекті сөздерді пайдаланып сөйлемдерді толықтыр.

Барлық бала тең

Мемлекеттің негізгі заңы –

... – өзінің іс-әрекеті үшін жауап беру.

... – өз Отанын сүйетін адам.

Елімізде 1 мамырда ... мерекесі атап өтіледі.

Жауапкершілік

құқылы

конституция

Қазақстан халқының бірлігі күні

Патриот

Мектеп және мектеп қауымдастығы

8-сабақ. Мектеп – білім ұясы

Бүгінгі сабақта:

- ♦ мектеп оқушылары сабақта және оқудан тыс қосымша үйірмелерде немен айналысатынын білесің.

Тірек сөздер

- ♦ оқу
- ♦ шығармашылық сабақ
- ♦ үйірме

Мектеп – балалар білім алатын оқу ордасы. Балалар мектепте білім алады, өздеріне достар табады. Үлкендерге құрмет, кішілерге ізет көрсетуді үйренеді. Олар уақытының басым бөлігін осында өткізеді. Мектепте оқып, білім алумен қатар, шығармашылығын арттыратын **үйірмелерге** қатысады. Мектепте би, қолөнер, домбыра, шахмат, робототехника үйірмелері мен спорт секциялары бар.



Суреттегі оқушылар немен айналысып жатыр?





Суреттерге мұқият зер салыңдар. Үйірмелерге қатысудың қандай пайдасы бар екенін айтыңдар.



Өлеңді оқы. Не түсіндің?

Білім керек бәріне!

...Таңдандырар бар елді
Ғажап үйлер сала алсам.
Жасартатын әжемді
Дәрі де ойлап таба алсам.

Сырлары көп ғылымның
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің
Керек екен бәріне!

Фариза Оңғарсынова



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Сабақ пен үйірменің қандай айырмашылығы бар?
- 2) Саған қандай пәндер мен үйірмелер ұнайды? Неліктен?



Пазлдарды құрастыр.

Сен бұл сабақта:

- есеп шығарасың;
- ақын-жазушылармен танысасың;
- ән айтасың.

Сен бұл үйірмеде:

- музыкалық аспапты тартып үйренесің;
- доп ойнайсың.



9-сабақ. Мектеп өмірі

Бүгінгі сабақта:

- ♦ мектеп ұжымы мүшелерінің атқаратын қызметін анықтауды үйренесің.

Тірек сөздер

- ♦ сынып ұжымы
- ♦ «Жас қыран» ұйымы

Мектепте оқушылар сабақ оқиды, үзіліске шығады және түрлі қоғамдық шараларға қатысады.

Сынып ұжымы топбасшыны, тазалық, оқу және еңбек секторларын сайлайды.

Мектептің жұмысын директор, оның орынбасарлары, мұғалімдер, ата-аналар кеңесінің мүшелері ұйымдастырады. Мектеп өмірін ұйымдастырушылардың қызметі оқушыларға деген құрмет пен сенімге негізделеді.

Қазақстанда «**Жас қыран**» атты балалар ұйымы бар. Оның мүшелері – еліміздің жас патриоттары.



Ұйымға үздік және тәртіпті оқушылар алынады. Олар спортсүйгіш, шыншыл, еңбекқор.

Жасқырандықтар елінің тарихын біліп, өзге халықтың салт-дәстүрін құрметтейді. Үлкендерді сыйлайды, қарттарға көмектеседі. Бұл – өте тату ұжым.

Мектеп өмірін қоғамдық шаралар одан да қызықты етеді. Оқушылар мерекелік кештерде ән айтып, өлең оқиды. Кішігірім сахналық қойылым дайындайды. Осылайша өздерінің өнердегі мүмкіндіктерін көрсетеді.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Сен сыныбыңда немен айналысасың?
- 2 «Жас қыран» ұйымы туралы не білдің?



Торкөздерден бүгінгі тақырыпқа қатысты сөздерді анықтап, дәптеріңе жаз.

С	М	Г	О	Қ	У	Ш	Ы	П	Е	Ү
А	Ұ	Ж	А	С	Қ	Ы	Р	А	Н	З
Б	Ғ	Ұ	Й	Ы	М	М	А	Т	А	І
А	А	Н	Т	Н	М	Е	А	Р	Ғ	Л
Қ	Л	І	У	Ы	К	К	М	И	А	І
К	І	Т	А	П	Л	Ш	У	О	Қ	С
Н	М	Е	К	Т	Е	П	Л	Т	М	Ң
Т	О	П	Б	А	С	Ш	Ы	Л	Ж	Ш



10-сабақ. Мектептегі қарым-қатынас

Бүгінгі сабақта:

- ♦ мектептегі ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсінесің.

Тірек сөздер

- ♦ сыныптың ортақ мақсаты
- ♦ сыныптастармен жұмыс

Сынып – балаларды достастыратын шағын ұжым. Олардың мақсаты да ортақ – білім алу және қоршаған дүниені тану. Балалар бірге сабақ оқиды. Мерекелерге дайындалады, спорттық жарыстарға қатысады.

Оқушылар мектепте **ұжыммен, топпен, жұппен** жұмыс жасап үйренеді. Топтасып, жұптасып жұмыс істегенде бір-бірін мұқият тыңдайды. Басқаның ойымен келіспесе де, оған құрмет танытады. Өз пікірін білдіріп, ортақ шешімге келеді.



Ұжымдағы, топтағы, жұптағы балалар немен айналысып жатыр?



жұп



ұжым



топ



Берілген сөздерді пайдаланып, сурет бойынша әңгіме құраңдар: *топ, спорт жарысы, байқау, ойын.*



Сыныпта ұжыммен, топпен және жұппен жұмыс істегенде өздеріңді қалай ұстайсыңдар? Өзара талқылаңдар.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 «Өзін-өзі сабақта дұрыс ұстау» дегенді қалай түсінесің?
- 2 Оқушының қандай іс-әрекеті басқаларды ренжітуі мүмкін?



Топтарға бірігіп, «Мектептің ішкі тәртіп ережесі» тақырыбына постер құраңдар. Постерді қорғау үшін топбасшы сайлаңдар.



11-сабақ. Біздің сынып

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз сыныбыңның ұжымын сипаттайсың.

Тірек сөздер

- ♦ сынып белсенділері
- ♦ сыныптастар

Біздің сынып өте ұйымшыл. Біз жақсы оқуға тырысамыз және бір-бірімізге көмектесеміз. Сабаққа да, мектептегі қоғамдық жұмыстарға да белсене араласамыз.



«Ұстаздық еткен жалықпас,
үйретуден балаға» деген мақалдың
мағынасын қалай түсінесіңдер?



Өз сыныбыңның белсенділерін ата. Олардың міндеттері қандай?

Сынып топбасшысы – Маржан. Ол – мұғалімнің көмекшісі. Жания мен Айсұлу – тазалық секторлары. Олар оқушылардың сырткиімінің тазалығына жауап береді. Кезекші сыныптың тазалығын қадағалайды. Оқушылар оқулықты да ұқыпты ұстауы тиіс. Оған сыныпта жауапты – Бауыржан мен Нұрасыл. Олар кітапханашының көмекшілері. Сынып бөлмесінде гүл өте көп. Гүлдерге сынып экологтері күтім жасайды.

Біздің сынып спорт ойындарын өте жақсы көреді. Мектептегі жарыстарда жүлделі орындар алады. Жыл сайын өткізілетін қайырымдылық жәрмеңкесіне де қатысады. Оған әркім өз қолымен жасаған түрлі бұйымдарын әкеледі.

Біз **сыныптастарымызбен** мерекелерде шағын концерт ұйымдастырамыз. Ата-анамызбен және мұғалімімізбен бірге экскурсияға шығамыз. Бізге бірге оқыған ұнайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1 Мектебінде қандай мерекелік іс-шаралар өтеді? Сен оған қатысасың ба?



Кестені дәптеріңе толтырып жаз.




Сынып белсенділері	Атқаратын қызметі
Топбасшы	
Тазалық секторы	
Кітапханашының көмекшісі	
Кезекші	
Эколог	

Менің мектебім

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ребусты шеш.



2. «Менің сыныбым» тақырыбында жоба құрастырыңдар.

Жобаның жоспары:

1. Сыныпта қанша ұл, қанша қыз бар?
2. Бір-біріңе қандай көмек көрсетесіңдер?
3. Қандай үйірмелерге қатысасыңдар?
4. Мектептегі іс-шараға сыныптастарың өз үлестерін қалай қосады?

3. Керек сөздерді орнына қой.

- а) ... – Қазақстандағы балалар ұйымы.
- ә) Бұл ұйымның мүшелері – еліміздің
- б) Олар ... сыйлайды, ... көмектеседі.
- в) Балалар сабақта ... , ... жұмыс жасайды.

«Жас қыран»

қарттарға

жас патриоттары


жұппен

топпен

үлкендерді



4. Сөзжұмбақты шеш.



Тігінен:

2. Ілулі тұр кең алаң,
Керегімді мен одан
Жазып алам көшіріп,
Сүртем сосын өшіріп.

5. Қабат-қабат қапталған,
Асыл сөзбен апталған.
Парағы бар сөйлейтін,
Ол қазына өлмейтін.

Көлденеңінен:

1. Білімнің жол басшысы,
Шәкірттің қолбасшысы.

3. Сағат сайын қағылады,
Тек мектептен табылады.

4. Тіл жоқ өзінде,
Сөзі бар ізінде.

Менің атамекенім

12-сабақ. Туған өлкемнің
көрікті жерлері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз зерттеулеріңе сүйене отырып, өлкеңнің көрікті жерлерін сипаттайсың және бейнелейсің.

Тірек сөздер

- ♦ Қазақстан табиғаты
- ♦ өз жеріңнің табиғаты
- ♦ көрікті жерлер

Қазақстан Республикасының табиғаты көрікті және алуан түрлі. Байтақ жерімізде таулар, өзендер мен көлдер, өсімдіктер мен жануарлар өте көп.

Табиғатымыздың шексіз сұлулығы көрген жанды тамсандырады. Мысалы, еліміздің оңтүстік-шығысында шыңдарын қар басқан биік таулар бар. Оның беткейі – қалың орман. Онда әлемнің ешбір жерінде кездеспейтін сұлу шыршалар, қарағайлар өседі. Со-

нымен қатар үлкен құмды шөлді кесіп өтетін Іле өзені ағады. Іле – Жетісу жеріндегі Балқашқа құятын ең ірі өзен.

Ұлы даламыздың әсем табиғатымен, тарихи ескерткіштерімен танысу үшін Қазақстанға түрлі елдерден туристер келеді.






Есіңе түсір

Көрікті жерлер дегеніміз не?

Кез келген елді мекен өзінің қайталанбас сәулет өнерімен ерекшеленеді. Соның бірі – Түркістан қаласы. Бұл қалада ерте замандағы мәдени ескерткіштер сақталған. Алматы қаласындағы тарихи жерлер де жаңа сәулет өнерімен үйлесім тапқан. Астанамыз Нұр-Сұлтан қаласы – өте әдемі, заманауи қалалардың бірі.



Нұр-Сұлтан қаласы.
«Бәйтерек»
монументі



Түркістан қаласы.
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



Алматы қаласы.
Қазақ мемлекеттік циркі



Елімізге саяхат жасап, жергілікті жерге тән табиғатты сипаттаңдар.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Қазақстанның қандай көрікті жерлерін білесің? Олар несімен ерекшеленеді?
- 2 Туристерге еліміздегі қандай тарихи ескерткіштерді таныстырар едің?



Туған өлкеңнің көрікті жерлерін таңдап, бүктеме жаса.



13-сабақ. Менің өлкем Қазақстан картасында

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстан картасынан ірі өзендер мен көлдерді, қалаларды, жолдарды және өзің тұратын облысты табуды үйренесің.

Тірек сөздер

- ♦ Қазақстан аумағы
- ♦ карта
- ♦ қала
- ♦ облыс


Қазақстан аумағы кең-байтақ. Ол жер көлемі бойынша әлемде 9-орынды иеленеді. Республика аумағы үлкен болғандықтан, оның табиғаты да алуан түрлі. Биік таулар, жазық дала, буырқанған асау өзендер, ірі көлдер – бұлардың барлығы Қазақстанның байлығы.


Егер дүниежүзі **картасына** қарасаң Қазақстанның Еуразия атты ең үлкен материктің дәл ортасында орналасқанын көруге болады. Қазақстан аумағы 17 **облысқа** бөлінген. Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы. Бас қаламыз Есіл өзенінің жағасында бой көтерген. Сонымен қатар республикалық маңызы бар екі **қала** бар, олар: Алматы, Шымкент.









Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Картадан республикалық маңызы бар қалаларды тауып, дәптерге жазыңдар.
 - 2) Картадағы теміржолды пайдаланып, өз өлкеңнен Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына немесе туған-туыстарың тұратын қалаға, не болмаса облысқа қалай жетуге болатынын айт.
-  Өзің тұратын жерге жақын орналасқан қалалар мен өзен-көлдердің атауын дәптеріңе жаз.



Шартты белгілер:

-  – астана
-  – республикалық маңызы бар қалалар
-  – облыс орталықтары
-  – теміржол



Денсаулық және қауіпсіздік

14-сабақ. Қазіргі көлік түрлері


Бүгінгі сабақта:

- ♦ көлік түрлерін білесің және олардың қажеттіліктерін анықтайсың.

Адам немесе жүк тасымалдайтын қозғалыс құралын **көлік** дейді. Қозғалыс орнына байланысты **құрлық, әуе және су** көліктері болады.

Тірек сөздер

- ♦ көлік
- ♦ жолаушылар көлігі
- ♦ жүк көлігі
- ♦ арнайы көлік



КӨЛІК

ҚҰРЛЫҚ КӨЛІГІ

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ

АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ

Көлік түрлері мақсатына қарай бірнеше топқа бөлінеді.

Жолаушылар көлігі – автобус, троллейбус, трамвай, метро пойызы. Олардың мақсаты – адамдарды тасымалдау.

Қазақстан бойынша метрополитен тек Алматы қаласында ғана бар.

Жүк көлігі әртүрлі жүктерді (тас, құм, құрылыс материалы, сұйық отын және т.б.) тасиды.



Арнайы көлік – өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция көліктері және т.б. Бұл көліктер төтенше жағдайда жарық және дабыл қондырғыларын іске қосады. Ондай кезде басқа мәшинелер оларға жол береді.

Ауылдық жерлерде ат-арба көлік ретінде пайдаланылады. **Ат-арба** – үй жануарына жегілетін көлік түрі.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Мақсатына қарай көліктің қандай түрлері бар?
- 2 Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция көліктеріне барлық мәшине не үшін жол береді?



Тек қалада және тек ауылда жүретін көлік түрлерін дәптеріңе жаз.



15-сабақ. Қоғамдық көлікте жүру ережелері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіресің.

Көлікпен жол жүретін адамды **жолаушы** деп атайды.

Жолаушылар көлігі жеке және қоғамдық болып бөлінеді. **Жеке көлік** – әрбір жеке отбасыға тиесілі көлік. **Қоғамдық көлік** (автобус, трамвай, троллейбус, пойыз, ұшақ) – адамдарды ақылы түрде тасымалдайтын көлік.


Тірек сөздер

- ♦ жолаушы
- ♦ жеке көлік
- ♦ қоғамдық көлік



Есте сақта

Егер жаяу жүргіншілерге арналған жолақ сызық болмаса, автобустың артынан айналып өт.



Қоғамдық көлікке мінгенде мынадай ережелерді **сақтау қажет:**

- 🌸 көлікке мінерде, алдымен, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, жасы үлкендерге, балаларға, балалы аналарға жол беру;

- 🌸 жолақысын төлеу;
- 🌸 үлкендерге орын беру;
- 🌸 құлап қалмау үшін арнайы ұстағыштан ұстап тұру.

Қоғамдық көлікте:

- 🌸 тамақ жеуге, сусын ішуге;
- 🌸 айқайлап сөйлеуге;
- 🌸 өзге жолаушының кітабына, ұялы телефонына үңіліп қарауға **болмайды**.



Қалай ойлайсың, қай суреттегі баланың іс-әрекеті дұрыс?



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Автобусты неге алдынан айналып өтуге болмайды?
- 2 Қоғамдық көлікте өзіңді қалай ұстайсың?



Қоғамдық көлік түрлерін тауып, дәптеріңе жаз.

ат-арба көлігі

полицей көлігі


жүк көлігі

пойыз

автобус

қайық

ұшақ



Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттік және патриотизм

16-сабақ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің маңызын түсінесің.

Әр елдің мемлекеттік рәміздері болады. Олар – **елтаңба**, **ту** және **гимн**. Қазақстан Республикасының рәміздері халқымыздың тарихымен байланысты.

Тірек сөздер

- ♦ мемлекеттік рәміздер:
ту
елтаңба
гимн



Есте сақта

Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков.



1992 жылы 4 маусымда еліміздің туы мен елтаңбасы бекітілді.

Қазақстан Республикасының **Мемлекеттік Туы** көгілдір түсті. Тудың көгілдір түсі – бейбітшіліктің, жарқын болашақтың белгісі. Күн – тыныштық пен байлықты, ою-өрнек халықтың бірлігін бейнелейді. Дала бүркіті – еркіндік пен дарқандықтың нышаны.

Қазақстан Республикасының **Мемлекеттік Елтаңбасы** көгілдір түс аясында шаңырақ түрінде бейнеленген. Шаңырақ – еліміздегі барлық халықтың

ортақ үйінің белгісі. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тараған уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң және сол жағында аңыздағы қанатты пырақтар бейнесі орналасқан. Олар Отанға адал қызмет етудің идеясын білдіреді. Елтаңбаның жоғары бөлігінде бес бұрышты жұлдыз бар. Ал төменгі бөлігінен «Qazaqstan» деген жазуды көруге болады.



Есте сақта

Елтаңбаның авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлиханов.

Мемлекеттік гимн – салтанатты ән. Еліміздің гимні ретінде «Менің Қазақстаным» әні алынған. Ол гимн ретінде тұңғыш рет 2006 жылы 11 қаңтарда орындалды.



Есте сақта

Гимн әнін жазған – Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар – Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

«Таңбасыз ел болмас, сауытсыз ер болмас» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіңдер?



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Мемлекеттік рәміздерге не жатады?
- 2 Күн сәулесін бейнелейтін киіз үйдің бөлігі қалай аталады?
- 3 Мемлекеттік тудың бұркіттің бейнесі нені білдіреді?

17-сабақ. Қазақстан Республикасының рәміздері – ұлттық мақтаныш

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері қай жерде және қашан қолданылатынын білесің.

Тірек сөз

- ♦ ұлттық мақтаныш

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы мемлекеттік рәміздерді білуі және құрметтеуі тиіс. Мемлекеттік рәміздерді орналастыру мен қолдануда белгілі заң талаптары орындалады.



Мемлекеттік ту мен мемлекеттік елтаңба:

- Қазақстан Республикасы Президентінің кабинетіне;
- мемлекеттік органдар ғимараттарына қойылады.

Мемлекеттік ту:

- мемлекеттік мерекелерде;
- спорттық жарыстарда;
- әскери шерулерде ресми түрде көтеріледі.

Мемлекеттік елтаңба:


- мемлекеттік құжаттарда;
- Қазақстан азаматтарының жеке куәліктері мен төлқұжаттарында;

- шегара бағандарында;
- ақша қағаздары мен тиындарда бейнеленеді.

Мемлекеттік гимн:


- салтанатты жиындарда;
- әскери шерулерде;
- спорт жарыстарында айтылады.

Гимн орындалғанда әр адам орнынан тұрады. Гимнді оң қолын сол жақ кеуде тұсына қойып айтады. Әскери азаматтар оң қолын шекесінің тұсына қойып ізет көрсетеді. Бұл мемлекетке деген құрметті білдіреді. Гимнді әрбір азамат жатқа білуі тиіс.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Мемлекеттік елтаңба нелерде бейнеленеді?
- 2 Мемлекеттік ту қандай жағдайда көтеріледі?
- 3 Мемлекеттік гимнді орындағанда қандай талаптарды сақтау керек?
- 4 Өз өлкеңде қандай ғимараттарға мемлекеттік ту ілінген?



Менің туған елім

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сенің өлкеңде аталған нысандардың қайсысы бар? Өзің тұратын өлкеңді сипаттап айт.

дала

тау

орман

көл

шөл дала

теңіз

өзен

2. 36-37-беттердегі картаға қара.

- Картадан өз өлкеңді тауып, қай аймақта орналасқанын анықта. Оған көрші тұрған аймақтарды ата.
- Өзен, көл жағасында орналасқан қалаларды тап.

3. Мына көліктерді мақсатына қарай қандай топтарға бөлуге болады? Олар не үшін қажет?



4. Сұрақтарға жауап бер:

- Қоғамдық көлікте қандай ережелерді сақтау керек?
- Қандай жол белгілерін білесің?

5. Вагондардағы қателікті тап.



6. Дұрыс жауаптарын тап.

1. Ту, елтаңба, гимн – бұлар:

- а) мемлекеттік рәміздер; б) әр кезеңнің белгілері;
ә) тарихи ескерткіштер; в) мұражай жәдігерлері.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының авторы кім?

- а) Шот-Аман Уәлиханов; б) Шәкен Ниязбеков;
ә) Жандарбек Мәлібеков; в) Шәмші Қалдаяқов.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары кімдер?

- а) Шот-Аман Уәлиханов, Жандарбек Мәлібеков;
ә) Шәкен Ниязбеков, Жандарбек Мәлібеков.

4. Гимн сөзі нені білдіреді?

- а) халық әні; ә) танымал ән;
б) салтанатты ән; в) дәстүрлі ән.

5. Елтаңбадағы Қазақстан халқының ортақ үйін бейнелейтін киіз үйдің бөлігі:

- а) шаңырақ; б) сықырлауық;
ә) кереге; в) уықтар.

6. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің әнін жазған кім?

- а) Жұмекен Нәжімеденов; ә) Шәмші Қалдаяқов;
б) Шәкен Ниязбеков; в) Нұрсұлтан Назарбаев.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің сөзін жазған кімдер?

- а) Шәмші Қалдаяқов, Шот-Аман Уәлиханов;
ә) Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Денсаулық және қауіпсіздік

18-сабақ. Біздің тағам

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз білімің мен тәжірибеңді пайдаланып, пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықты анықтайсың.

Тірек сөздер

- ♦ дәрумендер
- ♦ көмірсулар
- ♦ нәруыздар
- ♦ майлар

Денсаулық – зор байлық. Денсаулық жақсы болу үшін дұрыс тамақтанып, салауатты өмір салтын ұстану керек. Тағамдардың құрамында пайдалы дәрумендер, көмірсулар, нәруыздар мен майлар болуы қажет.



Күнделікті қолданылатын тағамдардың барлығы ағзаға бірдей пайдалы емес. Өйткені олардың құрамында қажетті дәрумендер жоқ. Мұндай тағамдар әртүрлі ауруларға, артық салмақтың пайда болуына әкелуі мүмкін.



Құрамында дәрумендер мен құнарлы заттар көп тағамдарды тұтынған дұрыс.



Сонымен қатар адам көп мөлшерде су ішуі керек. Ол ағзамызға қоректік заттар мен оттекті тасымалдайды. Су – тіршілік көзі.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Қандай тағамдар пайдалы?
- 2 Саған қандай тағамдар ұнайды? Олар «пайдалы тағамдар» тобына жата ма?



Қосымша ақпараттарды пайдаланып, денсаулыққа қатысты мақал-мәтелдерді жаз.



19-сабақ. Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ үйде және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін білесің.

Тірек сөздер

- ♦ қауіпсіздік
- ♦ қоғамдық орындар

Әрбір адам үйдегі, **қоғамдық орындардағы** қауіпсіздік ережелерін білуі және сақтауы тиіс. Кейбір **қауіпсіздік ережелерін** еске түсірейік.

○ **Денешынықтыру сабағында** арнайы спорттық киім мен аяқкиім кию керек. Мұғалімнің рұқсатынсыз спорттық құралдарды пайдалануға болмайды. Сондай-ақ жүгірген кезде арақашықтықты сақтау қажет.

○ **Ойын кезінде** бірін-бірі итеруге, тас лақтыруға, құм шашуға болмайды.



Есте сақта

Үйде ток көздеріне жақындауға; оларды ұстауға; розеткадан құрылғыны бауынан тартып шығаруға болмайды.



Суреттерге зер салып қара. Нені байқадың?






Есте сақта

Бейтаныс адаммен сөйлесуге; онымен бірге подъезге, жеделсатыға кіруге болмайды.

○ **Ғимаратта** баспалдақпен көтерілгенде немесе түскенде, дәлізде жүргенде оң жақпен жүру керек екенін есіңе сақта.



○ **Көшеде** көліктер жолдың оң жағымен қозғалады. Қарсы келе жатқан адамдардың оң жағынан өту керек.




Есте сақта



Танымайтын адамның көлігіне отыруға; мектептен шыққан соң көшеде көп бөгелуге; топтың ішіне баса-көктеп енуге; айналаңдағы адамдарды шынтағыңмен итеруге болмайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1) Қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау не үшін маңызды?


 Қоғамдық орындарда қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін жаз.



Дені саудың – жаны сау

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөзжұмбақты шеш.



1. Бұл дәнді дақылдан ұн тартылып, нан өнімдері жасалады.
2. Денсаулыққа қажетті пайдалы зат.
3. Ағзаның жасушасын құрап, күш беретін заттар.
5. Ашытқы құйып ұйытқан сүт.
6. Ағзада жылдам қорытылатын заттар.
7. Ағзада қор түрінде жиналатын заттар.
8. Бие сүтінен жасалатын сусын.

Жұмбақтарды шеш:

4. Күн нұрымен піседі,
Уылжып қолға түседі.
9. Жағасы жасыл, суы қызыл, балығы қара.

2. Суреттерге қара. Балалар қандай қауіпсіздік ережесін бұзды?



3. Дұрыс жауаптарды тап.

1. Баспалдақпен көтерілгенде немесе түскенде қай жақпен жүру керек?

- а) оң жақпен;
- ә) сол жақпен;
- б) айырмашылығы жоқ.

2. Сен пәтерде жалғызсың. Біреу қоңырау басты. Сенің «Бұл кім?» деген сұрағыңа ол «Мен бақылаушымын. Су есептегішін тексеруге келдім» деп жауап берді. Сенің іс-әрекетің:

- а) есікті ашып, бақылаушыны ішке кіргізесің;
- ә) бақылаушыдан полициямен бірге келуін сұрайсың;
- б) қандай жағдай болмасын, бақылаушыны үйге кіргізбейсің.

3. Сен мектептен үйге келе жатырсың. Жаныңа көлік келіп тоқтады. Ішіндегі бейтаныс адам көлікке отыруыңды сұрады. Сенің іс-әрекетің:

- а) қайда баратыныңды сұрайсың;
- ә) оның көлігіне отырасың;
- б) көлікке отырудан бас тартасың.

Мерекелер

20-сабақ. Наурыз – мемлекеттік мереке

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің маңызын түсінесің.

Тірек сөздер

- ♦ мемлекеттік мереке
- ♦ салт-дәстүр
- ♦ наурызкөже

Наурыз той

Күн мен түн теңелді,
Жер шуаққа кенелді.
Соны тойлар ел енді.

Наурыз келді, салтымыз,
«Көгерсін!» деп халқымыз
Көшеге тал егеді.

Әдібай Табылды

Елімізде ұлттық және **мемлекеттік мерекелер** атап өтіледі. Ұлттық мереке ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленген. Қазақстан Республикасында ұлттық мерекенің ең бастысы – Тәуелсіздік күні. Ал мемлекеттік мерекелерге Жаңа жыл, Наурыз мерекесі, Жеңіс күні сияқты мерекелер жатады.

Наурыз – әлемдегі ең көне мерекелердің бірі. Наурыз «жаңа күн» дегенді білдіреді. Бұл мереке жыл сайын 22 наурызда атап өтіледі. Осы кезде күн мен түн теңеліп, табиғат оянады. Қазақ халқы Наурыз мейрамында сәнді киімде-



Наурыз мерекесінің ерекшелігі неде?



Суретке қарап, шағын әңгіме құраңдар.



рін киіп, бірін-бірі құттықтайды. Көшеде *арқан тарту*, *қазақша күрес*, *көкпар* сияқты ұлттық ойындар ойналады. Жастар алтыбақан теуіп, ән айтады.

Дастарқанның сәнін келтіретін тағам – **наурызкөже** дайындалады. Наурызкөжені жеті түрлі дәмнен әзірлейді.

Мерекеді үлкендер: «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп бата береді.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Наурыз мерекесінде адамдар не істейді?
- 2) Сенің отбасыңда Наурыз мейрамы қалай тойланады?



Наурызкөжеге қандай жеті түрлі дәм қосылады? Дәптеріңе жаз.



Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер

21-сабақ. Ертедегі адамдардың тіршілігі

Бүгінгі сабақта:

- ♦ иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтайсың.



Еске түсір!

1. Алғашқы адамдар тамақты қайдан алды?
2. Адамдар аң аулап, терімшілікпен айналысу арқылы үнемі тамақ тауып жей алды ма?




Ежелгі адамдар табиғаттағы дайын өнімді өз қажеттеріне жарап білген. Олар терімшілікпен, аң және балық аулаумен айналысты.

Адамның табиғат сыйын өз қолымен иемденіп, пайдалануына негізделген шаруашылық **иемденуші** шаруашылық деп аталады.

Уақыт өте келе, олар жерді қопсытып, оған өсімдіктің тұқымын септі. Қой, ешкі, сиырды қолға үйрете бастады. Бұл егін және малшаруашылығының дамуына әкелді. Осылайша **өндіруші** шаруашылық пайда болды.



Адамның қарапайым құралдарды пайдаланып, шаруашылық пен тұрмысқа қажетті заттарды өз қолымен жасауын **қолөнер** дейміз.



ЕЖЕЛГІ АДАМДАР МЫНАДАЙ ІСТЕРМЕН АЙНАЛЫСТЫ:

Иемденуші шаруашылық

терімшілік



аң аулау



балық аулау



Өндіруші шаруашылық

егіншаруашылығы



малшаруашылығы




қолөнер



Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1 Иемденуші шаруашылық дегеніміз не?
- 2 Өндіруші шаруашылық дегеніміз не?
- 3 Иемденуші шаруашылық пен өндіруші шаруашылықтың айырмашылығы неде?
- 4 Қазіргі күнге дейін қандай ежелгі қолөнер түрлері жетті?



Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар

22-сабақ. Ботай мәдениеті

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттауды үйренесің.

Ботай – Қазақстанның солтүстігінде мекендеген жылқы өсірушілердің ежелгі қонысы. Адамдар бұл кезеңде тас пен мысты өңдеуді үйренді. **Ботайлықтардың** баспанасы тастан, ағаштан, балшықтан салынды. Олар дөңгелек пішінді киіз үйге ұқсас болды. Қабырғалары жануарлардың терісімен жабылды. Үйдің ортасына тамақ істейтін ошақ орнатылды.



Тірек сөздер

- ♦ Ботай
- ♦ ботайлықтар
- ♦ қолға үйретілген жылқылар

Ботайлықтардың негізгі кәсібі жылқы өсіріп, аң және балық аулау болды. Ғалымдар **жылқыны** алғаш рет ботайлықтардың **қолға үйреткенін** дәлелдеді. Бығарыдан киімдер мен аяқкиімдерді, атәбзелдерін және түрлі заттарды жасады.

Ботайлықтар тастан, сүйектен еңбек құралдарын, сазбалшықтан ыдыстар жасады. Сондай-ақ қоныстан киім тігуге арналған қарапайым құралдар да табылған.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Жылқыны алғаш қай жерде қолға үйреткен?
- 2 Ботайлықтардың баспанасы туралы айт.
- 3 «Археолог» ретінде ботайлықтардың еңбек құралдары туралы қандай қорытынды жасар едің?



23-сабақ. Көне қалалар

Бүгінгі сабақта:

- ♦ түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттайсың.

Тірек сөздер

- ♦ Арқайым
- ♦ археолог
- ♦ бекініс


Арқайым – қола дәуіріндегі ежелгі қала. Оны археологтер 1987 жылы тапты. Арқайым Қазақстанның Ресеймен шегарасына жақын жерде орналасқан. Қалашықтың «Арқайым» деп аталуы кездейсоқ емес. Өйткені жақын маңда осыған аттас тау бар.

Ежелгі Арқайым қаласы – екі сақина тәрізді қорғаныс қабырғамен қоршалған дөңгелек пішінді қоныс. Қалада 8 мыңдай адам тұрған. Бұл қала **бекініс**, ғибадатхана, қолөнер мекеніне айналған. Мұнда ұсталық кәсіп, қыш ыдыс жасау өнері жақсы дамыған. Олар егін және малшаруашылығымен айналысқан. Қазір Арқайым қорыққа айналды.



Сақина тәрізді қорғаныс **қабырғалары**.


Қорғанның сырт жағындағы су толтырылған **ор**.



? Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Арқайым қаласы қай жылы табылды?
- 2 Қаланың көрінісін сипаттап айт.
- 3 Қала неге *Арқайым* деп аталды?

Қолөнер бұйымдарын
айырбастауға арналған
қала алаңы.



Сыртқы шеңберде –
35, ал ішкі шеңберде
25 үй орналасқан.

Қазақстанның тарихи тамыры

24-сабақ. Ғұндар – біздің бабамыз

Бүгінгі сабақта:

- ♦ ғұндардың өмір салтын сипаттайсың.

Ғұндар – ерте темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген ежелгі **көшпелі** тайпалар.



Еске түсір

1. Бұл уақыт неге темір дәуірі деп аталған?
2. Темір дәуірінде тағы қандай тайпалар өмір сүрді?

Ғұндар шығыстан батысқа қарай көшті. Бұл «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» себеп болды. Ғұндардың әскери ісі жоғары деңгейде дамыды. Әскердің басым бөлігін атты әскер құрады. Ғұндар жауынгер, мықты шабандоз болды. Олар ат үстінде садақты дәлдікпен атты, қылыш және қысқа найзамен қаруланды. Ғұндар жауларына жойқын шабуыл жасады.



Ғұн тайпасының билеушісін «**шаньюй**» деп атады. Ең атақты билеушілері Мөде мен Аттила болды. Олардың қоға-

мында қатаң тәртіп сақталды. Мөде басқарған кезеңде ғұндар Еуразиядағы ең мықты мемлекетке айналды.

Аттила теңдесі жоқ үлкен империя құрды. Басып алған елдері оған алтынмен алым-салық төледі. Қазақ аңыз-әңгімелерінде Аттила есімі «Еділ» деген атпен белгілі. Аттиланың кезінде ғұндар Рим империясын талқандады.



Мөде



Есте сақта

Алым-салық – жеңген халықтың жеңілген халықтан күштеп алатын алымы.




Сұрақтар мен тапсырмалар:



- 1 Ғұндарда қай сала жақсы дамыды?
- 2 Ғұндардың атты әскері қандай болды?
- 3 Ғұндарды кім басқарды?



Ғұндардың қару-жарақтары қазіргі қандай спорт түрінде қолданылады?



Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері

25-сабақ. Әбу Насыр әл-Фараби – ұлы ойшыл

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелейсің.


Тірек сөздер


- ♦ ғалым
- ♦ ойшыл
- ♦ Отырар



Әбу Насыр әл-Фараби – шығыстың ұлы **ойшыл-ғалымы**. Ол ғылым мен мәдениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Қазақтың ежелгі **Отырар** қаласында дүниеге келген. Арабтар ол қаланы Фараб деп атады. Ғалымның атына «Фараб» сөзі оның қайдан шыққанын көрсету үшін қосылған.

Әбу Насыр әл-Фараби белгілі әскери қолбасшының отбасында туып өскен. Ол бала күнінен-ақ ерекше дарынымен көзге түсті. Жас кезінде Отырардың бай кітапханасында күні бойы кітап оқитын. Кейін ержеткен кезде Шаш, Самарқанд, Бұхара, Дамаск, Бағдат қалаларында білімін жалғастырды. Оны музыка, астрономия, математика, медицина, философия ғылымдары және құқық саласы қызықтырды. Ол көптеген тіл білді.





Отырар қаласы

Әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі «Әлемнің екінші ұстазы» деп атады. Ол әртүрлі саз аспаптарында ойнап, ән шығарды. Ұлы ойшыл халқының сауатты, білімді болуын армандады. Адам адал, шыншыл болуы, қайырымды істер жасап, оқуға ұмтылуы керек деп санады.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Әл-Фараби кім?
- 2 Әл-Фарабидің туған жері қай қала?
- 3 Ол қандай қалаларда білім алды?



Қосымша ақпарат көздерінен әл-Фараби туралы қызықты мәлімет тауып, шағын мәтін жаз.



Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөйлемді толықтырып жаз.

Наурыз мейрамында:

- а) Өткізілетін ұлттық ойын түрлері – ... ,
- ә) Дастарқанға қойылатын ұлттық тағамдар – ... ,

2. Сөйлемді толықтыр.

1. Терімшілік ... алмасты.

- а) аңшылықпен;
- ә) малшаруашылығымен;
- б) егіншілікпен.

2. Аңшылық ... алмасты.

- а) егіншаруашылығымен;
- ә) малшаруашылығымен;
- б) терімшілікпен.

3. Сәйкестендір.

Адамдардың кәсіптері қандай шаруашылық үлгісіне жататынын бағдар сызықтармен көрсет.

аңшылық

егіншаруашылығы

балық аулау

терімшілік

малшаруашылығы

иемденуші шаруашылық

өндіруші шаруашылық

4. Дұрыс жауаптарды тап.

- Ежелгі жылқышылардың бірегей қонысы:
а) Ботай; ә) Шөбір; б) Батпақ.
- Қола дәуіріндегі ең танымал көне қала:
а) Бағдат; ә) Арқайым; б) Самарқанд.
- Темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген көшпелі ежелгі тайпа:
а) түркілер; ә) моңғолдар; б) ғұндар.
- Ғұн билеушісінің атағы:
а) патша; ә) шаньюй; б) қаған.
- Қай билеушінің кезінде ғұндардың жорықтары Рим империясының күйреуіне әкелді?
а) Мөде; ә) Баламбер; б) Аттила.
- Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген қала:
а) Сауран;
ә) Шаш;
б) Отырар.
- Әбу Насыр әл-Фараби танымал ... отбасында дүниеге келген.
а) ғалымның;
ә) әскери қолбасшының;
б) билеушінің.
- Әл-Фарабиді ... деп атады.
а) «Әлемнің екінші ұстазы»;
ә) «Әлемнің бірінші ұстазы»;
б) «Ұлы ұстаз».

Жергілікті жерді бағдарлау

26-сабақ. Көкжиек тұстарын тұсбағдар бойынша анықтау

Бүгінгі сабақта:

- ♦ көкжиек бағыттарын тұсбағдар бойынша анықтайсың.



Есіңе түсір

Бағдарлау деген не? Жергілікті жердегі заттар бойынша қалай бағдар алуға болады?

Тірек сөздер

- ♦ бағдарлау
- ♦ тұсбағдар
- ♦ көкжиек тұстары: солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс

Жергілікті жерді бағдарлау – көкжиек тұстары бойынша орналасқан жерді анықтау. Бейтаныс аймақта жергілікті жерді арнайы құрылғының және картаның көмегінсіз анықтау мүмкін емес. Бағдарыңды дәл табу үшін «**тұсбағдар**» деп аталатын құрал қолданылады. Тұсбағдармен көкжиектің қай тұсында тұрғаныңды анықтауға болады.





Көкжиектің негізгі тұстары мынадай әріптермен белгіленеді:

С – солтүстік, **О** – оңтүстік, **Ш** – шығыс, **Б** – батыс. Кейде көкжиек тұстарын белгілеу үшін латын әріптері де қолданылады: **N** (норд) – солтүстік, **O** (ост) – шығыс, **S** (зюйд) – оңтүстік, **W** (вест) – батыс.

Тұсбағдарды қолдану үшін:

- оны тегіс жерге көлденеңінен орналастырып, қысқышын босатып, тілі тоқтағанша күте тұру;
- тұсбағдарды көк тілі «С» әрпіне қарсы тұратындай етіп ақырын бұру;
- циферблатта көрсетілген басқа әріптерге қарап, керекті бағытты анықтау қажет.


 Суретке қарап, бала ұяшықтармен жүру арқылы қайда келетінін анықта. Ол батысқа – 6, солтүстікке – 3, шығысқа – 3, солтүстікке – 5, батысқа – 5, оңтүстікке – 2, батысқа – 4, солтүстікке – 4, шығысқа – 2, солтүстікке қарай 1 ұяшықты басты. Бала саябаққа бару үшін қандай бағытта жүруі керек?



Әдетте, адамдар тек солтүстікке немесе батысқа қарай ғана емес, кейде осы екі аралықтағы жолмен де қозғалуы мүмкін. Солтүстік пен шығыс аралығындағы бағыт *солтүстік-шығыс* (СШ), оңтүстік пен шығыс аралығындағы бағыт *оңтүстік-шығыс* (ОШ) деп аталады. Ал оңтүстік пен батыс аралығындағы бағытты *оңтүстік-батыс* (ОБ), солтүстік пен батыс аралығындағы бағытты *солтүстік-батыс* (СБ) деп атайды. Барлық уақытта, алдымен, *оңтүстік* немесе *солтүстік* айтылады.




Суретте көрсетілген нысандарға бару үшін қай жаққа, қандай бағытта қозғалу керектігін анықтаңдар.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Тұсбағдар не үшін қажет? Оны қалай қолданады?
- 2 Тұсбағдардың қандай аралық бағыттары болады?
- 3 «Батыс-оңтүстік», «шығыс-солтүстік» деп айтуға бола ма? Неліктен?



Климат және ауа райы

27-сабақ. Ауа райының адам өміріне әсері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдайсың.

Тірек сөздер

- ♦ ауа райы
- ♦ ауа райы элементі
- ♦ ауа райы құбылысы

Ауа райы белгілі бір уақыттағы және белгілі бір жердегі ауаның төменгі қабаттарының жай-күйі. Адамның өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне ауа райының тигізетін әсері мол.

Ауа райының элементтеріне температура мен ауаның ылғалдылығы жатады. Жауын-шашын, жел, боран, тұман, найзағай – бұлар **ауа райының құбылыстары**.



Суреттерге қарап, өнімді өсіру және жинау үшін қандай ауа райы қолайлы екенін анықтаңдар.



Ауа температурасы нөлден төмен болса, тұман мен жаңбырдан кейін мұз қатады. Нәтижесінде жер көктайғақ болып, көлік қозғалысына кедергі келтіреді.



Суреттерге қарап, ауа райы көлік қозғалысына қалай әсер ететінін айтыңдар.



Қандай ауа райы кезінде ұшақтар ұшпайды?



Елімізде ағашты тамырымен жұлып, үйдің шатырын ұшырып әкететін дауылдар да болып тұрады.



Белсенді демалысқа ауа райы қалай әсер етеді?





Суреттерге қарап, адамдардың әр жыл мезгілдерінде немен шұғылданатынын анықтаңдар.



Қыс



Көктем



Жаз



Күз

Сен білесің бе?

Аспанда жұлдыз көп болса, күн ашық болады.
Гүлге балара құжынап, топталып қонса, жаңбыр жауады.

Халық жорамалдары




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Ауа райы егістік жұмыстарына қалай әсер етеді?
- 2 Өзің тұрып жатқан жердегі ауа райы өзгерістерін жыл мезгілдері бойынша сипаттап айтып бер.



Астықтың мол болуына қарлы ауа райы қолайлы ма, әлде қарсыз ауа райы ма?

Өз бақылауыңа сүйене отырып, бүгінгі ауа райын болжап көр.



Табиғи жағдайлар және олардың әсері

28-сабақ. Табиғи нысандардың шаруашылыққа әсері

Бүгінгі сабақта:

- ірі табиғи нысандардың (таулар, жазықтар, көлдер мен өзендердің) шаруашылық маңызын анықтайсың.

Тірек сөздер

- табиғи нысандар: таулар, жазықтар, көлдер, өзендер

Біздің жеріміз **жазық** далаға, мұздықтары бар биік **тауларға**, ірі **өзен-көлдерге** бай. Осы **табиғи нысандардың** барлығын адам өз қажетіне пайдаланады.

Еліміздің орталық аумақтарында мал жайылымдары бар. Онда жылқы мен қой өсіріледі. Қазақстанның батысы мен оңтүстігіндегі жайылымдар қой мен түйешаруашылығына қолайлы.

Қазақстанның жер қойнауы қазба байлықтарға толы. Қостанай облысында темір өндіріледі. Орталық Қазақстанда оны балқытып, болат алады.

Каспий теңізінде мұнай мұнаралары бой көтерген. Теңізден, өзен-көлден балықтың алуан түрі ауланады.

Оңтүстік өңірде өзен бойларына күріш пен көгөніс егіледі.






Сұрақтар мен тапсырмалар:

Картаны пайдаланып сұрақтарға жауап бер.

- 1 Өзің тұратын өлкеде қандай өзен-көлдер бар?
- 2 Біздің өлкемізде қандай табиғи байлықтар кездеседі?



Өз өлкеңде адамдар табиғи нысандарды қалай пайдаланатынын дәптерге жаз.



Қазақстанның солтүстігінде бидай, қарақұмық, күнбағыс және т.б. дәнді дақылдар өсіріледі. Оған еліміздің жазық даласы қолайлы.

Ертіс, Іле, Сырдария өзендерінде аса ірі су электрстансылары салынған.

Сарыарқада көмір мен мыс кен орындары бар. Алтай мен Қаратау тауларында қорғасын мен мырыш кендері кездеседі. Пайдалы қазбалар еліміздегі шаруашылықтың негізін құрайды.

Тау беткейлерінде омарташаруашылығы орналасқан.



Шөбі шүйгін, суы мол жер жайлау деп аталады. Онда мал бағады.

Оңтүстіктегі тау баурайына бау-бақшалар, жүзімдіктер отырғызылған.



29-сабақ. Өзің тұратын өлкенің табиғи жағдайы

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз өңіріңдегі табиғи жағдайлардың қолайлы және қолайсыз тұстарына талдау жасайсың.

Тірек сөздер

- ♦ жер бедері
- ♦ климат
- ♦ өсімдіктер және жануарлар әлемі
- ♦ су нысандары

Адам қолымен жасалмаған, бізді қоршаған ортаның бәрі **табиғатқа** жатады. **Табиғи нысандарға** тауларды, жазықтарды, теңіздер мен өзен-көлдерді және т.б. жатқызуға болады.



Глоссарийді пайдаланып *жер бедері, жазық, тау, климат, су нысандары* ұғымдарына түсініктеме бер.

Табиғи нысандар әртүрлі жағдайда қалыптасады. Олар адамдардың шаруашылық іс-әрекетіне қолайлы және қолайсыз әсер етуі мүмкін.



Адамның шаруашылық іс-әрекетіне қандай жағдайлар қолайлы және қолайсыз әсер етеді? Суреттерге қарап анықтаңдар.

ЖЕР БЕДЕРІ Жазықтар




Тегіс жер бедері



Жыралар мен ірі өзен аңғарлары

Таулар



Тауаралық аңғарлар, жайлау,
еңіс беткейлер



Құзды жартастар, терең
шатқалдар, тар беткейлер

Климат



Қоңыр салқын температура,
қысы-жазы жаңбырлы



Жазы ыстық, жаңбыр сирек
жауады; қысы суық, боранды

Су нысандары



Өзенді жағасында демалуға,
алқапты суаруға пайдаланады



Көктемде су тасқынына
әкеледі

Өсімдіктер әлемі



Ормандар, шөбі
шүйгін жайылымдар



Өсімдіктер аз өсетін жер


Жануарлар әлемі



Құрлық пен судағы жануарлардың көптігі аң және балық аулауға мүмкіндік береді.



Шегіртке егістікке зиян келтіреді. Тышқан мен сарышұнақ әртүрлі ауру таратады.

 Мәтін мен суреттерді пайдаланып, өз өлкелеріңнің ерекшеліктері туралы әңгімелендер.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Табиғат дегеніміз не?
- 2 Адамның шаруашылық іс-әрекетіне қандай табиғи жағдайлар қолайлы?



Кестені дәптеріңе толтырып жаз.



Табиғи нысандар	Адам қолымен жасалған нысандар

30-сабақ. Табиғаттың қауіпті құбылыстары

Бүгінгі сабақта:

- ♦ табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктейсің.

Тірек сөздер

- ♦ жер сілкінісі
- ♦ сел
- ♦ көшкін
- ♦ су тасқыны


Сендер табиғи жағдайлар мен құбылыстардың қолайлы және қолайсыз жақтары болатынын білесіңдер. Қазақстан аумағында табиғаттың **қауіпті құбылыстары** да орын алады.

Қауіпті құбылыстарға таулы аймақтарда болатын **жер сілкінісі** жатады. Қатты жер сілкінісі кезінде ғимараттар құлап, жер бетінде жарықтар пайда болуы мүмкін. Жер сілкіну қаупі бар аудандардағы мектеп оқушыларына зілзала кезінде өзін қалай ұстау керектігі жөнінде арнайы сабақ өткізіледі. Жер сілкінісі кезінде сел, су тасқыны, көшкін болуы мүмкін.

Сел күшті нөсер жауын мен таудағы мұздықтардың еруі нәтижесінде пайда болады.

Көктемде елімізде **су тасқыны** болып тұрады.





Су тасқыны өзен, көлдегі су деңгейінің кенеттен көтерілуі, суқоймаларының толып кетуі салдарынан туындайды.

Тау беткейлеріндегі қардың төмен қарай сырғуынан **қар көшкіні** қалыптасады.

Қолайсыз климаттық құбылыстарға құрғақшылық, аптап ыстық, қатты аяз, шаңды дауыл, үсік, көктайғақ, бұршақ жатады.

Жан-жағын үлкен жылдамдықпен жайпап өтетін желді **дауыл** деп атайды.

Қыста қатты жел боранға ұласады. **Тұман** көлік қозғалысына кері әсерін тигізеді.

Аптап ыстықтың салдарынан құрғақшылық пайда болады. **Құрғақшылық** – ауа температурасының жоғарылауы және ұзақ уақыт бойы жауын-шашын-



ның аз болуы. Құрғақшылық ауылшаруашылығына үлкен зиянын тигізеді. Соның салдарынан дәнді дақылдардың түсімі азаяды. Кей жағдайларда егістік түгелдей құрап кетіп, тіршілігін жоюы мүмкін.




? Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Өзің тұратын аймақта осы айтылған қауіпті құбылыстардың қайсысы болады?
- 2 Табиғат құбылыстары шығын келтірмеуі үшін тұрғындар қандай шаралар қолданады?



Табиғаттағы қауіпті құбылыстар мен қолайсыз климаттық жағдайлардың айырмашылығы неде? Дәптеріңе жаз.



Қоршаған орта

Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. «Үйімнің айналасындағы нысандар» тақырыбына жоспар құр.

- а) нысанды таңда;
- ә) әрбір нысанға шартты белгіні ойлап тап;
- б) таза параққа көкжиек тұстарын белгіле;
- в) қағаздың дәл ортасына өз үйіңді сал;
- г) үйдің айналасындағы нысандарды шартты белгілермен көрсет.

2. Тест тапсырмаларын орында.

1. Жергілікті жерді бағдарлауға арналған аспап:
 - а) күн сағаты;
 - ә) термометр;
 - б) тұсбағдар.
2. Көкжиектің аралық тұсы:
 - а) солтүстік;
 - ә) оңтүстік-шығыс;
 - б) шығыс.
3. Ауа райының негізгі элементі:
 - а) температура;
 - ә) жауын-шашын;
 - б) жел.
4. Табиғи нысандар:
 - а) таулар, қалалар, көлдер;
 - ә) өзендер, таулар, жазықтар;
 - б) көлдер, қалалар, ауылдар.

5. Жан-жағын үлкен жылдамдықпен жайпап өтетін климаттық құбылыс:

- а) аяз;
- ә) дауыл;
- б) құрғақшылық.

6. Өзен-көлдегі судың кенеттен көтерілуі:

- а) сел;
- ә) су тасқыны;
- б) көшкін.

3. 74-75-беттердегі картаны пайдаланып сәйкестендір:

- | | |
|----------------------------|----------------------|
| а) Каспий теңізі | 1) балықшаруашылығы |
| ә) Қостанай облысы | 2) мұнай өндіру |
| б) Балқаш көлі | 3) дәнді дақыл өсіру |
| в) Ертіс өзені | 4) темір өндіру |
| г) Қазақстанның солтүстігі | 5) су электрстансысы |

4. «Табиғи апат кезіндегі өзін ұстау ережелері» тақырыбына жадынама құрастырыңдар.

31-сабақ. Туризм түрлері

Бүгінгі сабақта:

- ♦ туризмнің негізгі түрлерін ажыратасың.

Тірек сөздер

- ♦ туризмнің түрлері
- ♦ туризмнің мақсаты



Есіңе түсір

Туризм дегеніміз не?

Туризм – белгілі бір мақсатта жасалатын саяхат түрі. **Туризмнің түрлеріне:** жаяу жүру, қайықпен, велосипед немесе автокөлікпен саяхаттау жатады.

Туризммен айналысу:

- денсаулықты нығайтуға;
- адамның мәдени деңгейін көтеруге;
- өз елінің ерекшеліктерін зерттеп білуге;
- басқа елдермен танысып, олар туралы түрлі ақпарат алуға көмегін тигізеді.



Суреттерге қара. Туризмнің қандай түрлері берілген?



Кез келген туризмнің нақты бір мақсаты болады.



Танымдық туризм: басқа ел, қала, ауылдың көрікті жерлері мен мұражайларына бару.

Спорттық сауықтыру туризмі: орманға бару, тауға шығу, шаңғы тебу және т.б.

Ойын-сауық туризмі: фестивальға, ойын-сауық саябағына бару.

Біздің елімізде туристер қызығатындай табиғи және тарихи-мәдени маңызы бар нысандар көп. Соның бірі – «Есік» қорық-мұражайы. Бұл мұражай сақ жауынгері – «Алтын адам» ескерткішімен және тарихи қорғандарымен әйгілі.

Шарын шатқалы – туристер жиі баратын демалыс орны. Алқызыл түске боялған алып шатқалдар мен



жартастар ертегілер қаласын еске түсіреді. Олар қолдан салынған мұнаралар мен ғимараттарға ұқсайды.

Шарын шатқалы минералдарға бай. Онда Қызыл кітапқа енген өсімдіктер мен жануарлар кездеседі.

Шарындағы шаған тоғайы – шатқалдың көрікті жерлерінің бірі. Соғды шағанының өсіп тұрғанына 700 жылдан аса уақыт болған. Олардың биіктігі 10–25 метрден асады, ені бірнеше метрге жетеді. Тоғай ЮНЕСКО-ның мәдени мұра тізіміне енген.



Суреттерге қарап, туризмнің мақсатын анықтаңдар. Жауаптарыңды дәптерлеріңе жазыңдар.


1



2



3






Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Туризмнің түрлерін ата. Оларға мысал келтір.
- 2 Егер сен «Есік» қорық-мұражайына немесе Шарын шатқалына саяхаттап барсаң, оны туризмнің қандай мақсатына жатқызар едің?
- 3 Қазақстанда саяхаттауға болатын қандай туристік орындарды білесің? Оларды ата.



Велосипедпен және тауда шаңғымен саяхаттаудың денсаулыққа қандай пайдасы бар? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып сұраққа жауап бер.



32-сабақ. Қазақстандағы туризм

Бүгінгі сабақта:

- ♦ Қазақстанда туризм түрлерін дамытуға арналған нысандарды анықтайсың.



Тірек сөздер

- ♦ табиғат ескерткіші
- ♦ жаяу серуендеу
- ♦ атқа мініп саяхаттау
- ♦ судағы туристік серуен

Қазақстан – саяхатшылар үшін дала мен тауларға, көрікті орындарға бай өлке. Елімізде **табиғат ескерткіштері** – ғажайып жартастар мен үңгірлер, өзенкөлдер, тоғайлар, ұлттық парктер және т.б. бар.

ТАНЫМДЫҚ ТУРИЗМ


Табиғаты тамаша **Үстірт** Қазақстанның батысында орналасқан. Оның аумағында сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарларды қорғау мақсатында құрылған ең үлкен қорық бар.



Қайыңды көлін Солтүстік Тянь-Шаньның інжу-маржаны деп атайды. Бұл – **жаяу серуендеуге, атқа мініп саяхаттауға** таптырмас жер.



XXI ғасырда туризмнің жаңа түрі – **ғарыштық туризм** пайда болды. Қазақстан аумағында ең ірі «Байқоңыр» ғарышайлағы орналасқан. Ол – ғарыш-кемелер мен зымырандарды ұшыратын басты алаң.



СПОРТТЫҚ САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ

Қарқаралының таулары мен ормандарының тылсым сұлулығы, таза көлдері мен қарағайлары ерекше әдемі.




Іле өзенімен серуендеу – қауіпсіз және қолжетімді. Бұл туризмнің **су саяхатына** жатады.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1) Елімізде қандай туризм түрлері бар?
- 2) Картаны зерттеп, оқулық мәтінінен экскурсиялық нысандар орналасқан аймақтарды анықта.



33-сабақ. Қазақстан аймақтарындағы туристік нысандар

Бүгінгі сабақта:

- ♦ туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттауды үйренесің.

Тірек сөз

- ♦ Қазақстан өңірлері

Жазғы лагерьге Қазақстанның түкпір-түкпірінен балалар келді. Олар өз өлкелері туралы бір-бірімен пікір алмасты.

Маржан **Бурабай** өңірінен келді. Ол өзі тұратын жердің сұлу табиғаты туралы әңгімеледі. Биік таулар, көгілдір көлдер, қарағай мен қайың ағаштары өлкенің сәнін кіргізеді. Бурабай көлінің аймағындағы ғажайып жартастар саяхатшыларды қызықтырады.



Алтай өңірінен келген Ерлан «Көгілдір шығанақ» демалыс орнынан алған әсерімен бөлісті. Алтай еліміздің шығысында орналасқан. Ол – Қазақстанның ну орманды жері. Мұнда самырсын, балқарағай, майқарағайлар өседі.







Темір мен Кемел **Алматы** қаласынан. Алматы Іле Алатауының етегінде орналасқан. Алатаудың табиғаты әсем, суы шипалы, ауасы таза. Сонымен қатар Алматыда Шымбұлақ таушаңғы кешені мен Медеу мұзайдыны бар. Шымбұлақ Іле Алатауы шатқалында орналасқан. Оған аспалы жолдар арқылы көтеріліп, шаңғымен сырғанауға болады.

Медеу мұзайдыны – әлемдегі ең ірі спорт кешені. Адамдар қысқы демалыста мұзайдынға барып, конькимен сырғанайды.

? Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Өз өлкеңдегі қандай көрікті жерлерді білесің?
- 2 Өзің ол жерлерге бардың ба?

 «Астанамыздың көрікті жерлері» тақырыбында таныстырылым жаса.



Әлем қалаларына саяхат

34-сабақ. Өз өлкеңе экскурсия

Бүгінгі сабақта:

- ♦ өз өлкеңнің көне қалалары мен ескерткіштерін сипаттауды үйренесің.

Тірек сөздер

- ♦ саяхатшы
- ♦ туған өлке
- ♦ экскурсия


Қазақстан – тарихы мен мәдениеті бай ел. Қазіргі күнге дейін археологтер жер қойнауынан бағалы қазыналар табуда. Бұлар Қазақстан аумағын мекендеген халықтың рухани және мәдени дамуының дәлелі бола алады.

Дарқан даламыздың көркі мен сұлулығына арнап ақын-жазушылар өлең, шығармалар жазды.

Кең өлке

Көрікті өлкеме қарашы,
Тізілген орман, тау, қаласы.
Алтай мен Атырау арасы –
Қазақтың кең-байтақ даласы...

Нұрсұлтан Әлімқұлов



Саяхат туралы қандай өлеңдер білесің?

Саяхатшыларды көне ескерткіштер әрдайым қызықтырды. Мыңдаған жыл бойы әлемнің әр түкпірінде көптеген қалалар салынды. Театрлар мен ғибадатханаларды тастан салуды ежелгі гректер бастады. Соның бірі Афинадағы – Парфенон ғибадатханасы.



Бүгінгі күні Акропольде бұл ескерткіштің тек қирандылары ғана қалған.


Ежелгі Римде ең үлкен Рим амфитеатры – Колизей салынды. Оған 50 мыңға жуық көрермен сыятын болған.

Еліміздегі 1000 жылдан аса тарихы бар Түркістан қаласында да ежелгі мәдени ескерткіштер сақталған. Соның ең әйгілісі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сондай-ақ Түркістан қаласына жақын жерден көне Отырар қаласының орнын көруге болады.

Экскурсия – бұл шағын саяхат. Саяхат кезінде өз туған жерің туралы білгеніңді досыңа айту үшін **саяхатшы күнделігін** жүргізе аласың.


ЭККУРСИЯ ЖҮРГІЗУДІҢ ДАЙЫНДЫҚ ЖОСПАРЫ

- 1 Қайда баратындарыңды анықтап, бағыттарыңды белгілеңдер.
- 2 Өздерің сипаттайтын нысандарды таңдаңдар (тау, тоғай, өзен-көл, ескерткіш және т.б.).
- 3 Онда қалай баратындарыңды (жаяу, көлікпен) ойластырыңдар.
- 4 Саяхат кезінде ауа райының қалай өзгергенін бақылаңдар.
- 5 Өздеріңе ұнаған нысандарды сипаттаңдар.
- 6 Саяхаттан алған әсерлерің туралы айтып беріңдер.





Сұрақтар мен тапсырмалар:

- 1 Экскурсия дегеніміз не?
- 2 Экскурсия кезінде өз өлкелерің туралы тағы не білдіңдер?



Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар

1. Суреттерден еліміздегі туристік нысандарды тауып, оларды ата. Осы нысандар жайында әңгімеле.



2. Жазда тауда саяхаттау үшін қандай заттар қажет? Оларды таңдап алып, не үшін қажет екендігін айт.



3. Сөйлемдерді толықтырып, туризмнің мақсатын анықта.

1. Демалыста балалар сыныппен мұражайға барды. Бұл – ... туризм.

2. Қала сыртында қызықты шаңғы жарысы өтті. Бұл – ... туризмі.

3. Балалар ата-аналарымен мәдениет және демалыс саябағына барды. Бұл – ... туризмі.

ГЛОССАРИЙ

Аймақ – елдің немесе ғаламшардың белгілі бір аумағы.

Аралық бағыттар – көкжиектің негізгі тұстарының арасындағы бағыттар.

Аристотель – ежелгі грек философы.

Археология – адамзаттың өткен тарихын ескерткіштер арқылы зерттейтін ғылым.

Ауа райы – атмосфераның белгілі бір мезгілдегі жай-күйі.

Ауа райының сипаттамалары – уақыттың белгілі бір аралығы (тәулік, апта, ай) ішінде ауа райы құбылыстары мен элементтерінің (ауа температурасы, ылғалдылығы, бұлт, жауын-шашын, жел, және т.б.) өзгерістері.

Ауыл – мал-құсқа арналған қосалқы құрылыстары, бау-бақшалары бар елді мекен.

Бекініс – қорған, қамал; қорғауға арналған құрылыстары бар жер.

Ғалым – ғылымның қандай да бір саласының маманы.

Ғұн – темір дәуірінде Қазақстан жерін мекендеген көшпелі тайпа.

Гимн – мемлекеттік рәміз; мемлекеттік рәміздердің бірі ретінде қабылданған салтанатты ән.

Дәстүр – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, рухани байлық, халық даналығы.

Егіншілік – ауылшаруашылық саласы. Мол өнім алу үшін жерді өңдеп баптау тәсілдері.

Елтаңба – мемлекеттік рәміз; мемлекеттің немесе қаланың арнаулы белгісі.

Ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасы; мүсіндік немесе сәулеттік құрылыс.

Әдет-ғұрып – уақыт өте келе елдің, халықтың қабылдаған қоғамдық мінез-құлық ережелері.

Жазық – жер бетінің кең көлемді тегіс аумағы.

Жайлау – таудағы жазғы жайылымдар.

Жасуша – тірі организмдер (вирустардан басқа) құрылымының ең қарапайым бөлігі.

Жер бедері – жер бетінің пішіні (таулар, жазықтар).

Жер сілкінісі – жердің ішкі қозғалыстарынан туындайтын жер бетіндегі тербелістер.

Жергілікті жерді бағдарлау – көкжиек тұстары бойынша өзінің орналасқан жерін анықтау.

Жол белгісі – көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.

Карта (грек. *парақ, шиыршық қағаз* сөзін білдіреді) – Жер шарының және оның бөліктерінің шартты белгілер арқылы кішірейтілген бейнесі.

Кеңес Одағы – 1922 жылдан 1991 жылға дейін өмір сүрген көпұлтты мемлекет. Оның құрамына 15 республика кірді, оның ішінде Қазақстан да болды.

Климат – белгілі бір жердегі жылдың белгілі бір мезгілінде қайталанатын ауа райы.

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы.

Көкжиек – біздің айналамыздағы жердің көрінерлік беті. Солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс – көкжиек тұстары.

Көкжиек сызығы – аспан мен жердің шектесіп көрінетін сызығы.

Көл – сумен толған табиғи ойыс.

Көрікті жерлер – ерекше назар аударуға лайықты орындар немесе нысандар.

Қала – ірі елді мекен, әкімшілік, сауда және өнеркәсіптік орталық.

Қауіпсіздік – әлдекімге немесе әлденеге қауіп төнбейтін жағдай.

Қоғам – ортақ мүдделері мен мақсаттары бар адамдар тобы.

Қолөнер – еңбек құралдарын қолдануға негізделген ұсақ қол өндірісі.

Құқық – заңдастырылған және қорғалатын жалпыға бірдей міндетті нормалар.

Қызыл кітап – сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер түрі тіркелген арнайы кітап.

Малшаруашылығы – ауылшаруашылығының мал өнімдерін өндіру үшін мал өсірумен айналысатын саласы.

Мемлекет – мызғымас шегаралары, заңы, рәміздері бар, адамдардың бір аумақтағы бірлестігі.

Мемлекеттік мерекелер – маңызды оқиғаларға арналған, дәстүрлі түрде атап өтілетін мерекелер.

Мемлекеттік рәміздер – мемлекеттің айырым белгілері. Олар конституциямен, заңдармен немесе дәстүрлермен белгіленген.

Облыс – Қазақстанның әкімшілік бірлігі.

Отан – туған жер, атамекен.

Отбасы – тұрмысы, бюджеті, шаруашылығы, отбасылық құндылықтары ортақ, бірге өмір сүретін адамдар.

Өзен – жер бетіндегі табиғи ағынды су.

Патриот – Отанын шексіз сүйетін, еліне қызмет ететін, халқының мүддесі үшін ерлік жасауға дайын адам.

Саяхат – зерттеу немесе танысу, аралап көру мақсатында алыс бір жерге сапар шегу.

Соғды шағаны – ұсақ жапырақты, ылғал сүйгіш ағаш.

Су нысандары – жер бетіндегі судың жинақталуы. Оларға мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер, жерасты сулары және т.б. жатады.

Сынып – мектептегі жастары бірдей оқушылар тобы.

Табиғат ескерткіштері – ғылыми, тарихи, мәдени, эстетикалық мәні бар қорғалатын табиғи нысандар (үңгір, тоғай және т.б.).

Табиғат құбылыстары – табиғатта болатын өзгерістер (жел, жауын-шашын, жер сілкіністері т.б.).

Табиғи нысандар – табиғаттағы географиялық нысандар.

Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым.

Тау – жер бетінің жазықтардан жоғары көтерілген бөлігі.

Ту – мемлекеттік рәміз; мемлекеттің (халықаралық ұйымның) белгісі. Белгілі бір өлшемі мен арнайы түсі бар мата.

Туризм – демалу және қызықтау үшін басқа бір жерге саяхаттап бару.

Туристік нысандар – елдегі туристер жиі келетін жерлер (тарихи-географиялық, этно-мәдени және т.б. жерлер).

Тұсбағдар – көкжиек тұстарын дәл анықтауға арналған құрал.

Тұтыну – өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін игіліктер мен көрсетілетін қызметтерді пайдалану.

Тұтыну заттары – адамдардың өмірі үшін қажетті заттар.

Ұлттық мерекелер – мемлекеттің дамуына ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне белгіленген мерекелер.

Экскурсия – танымдық, демалу мақсатында белгілі бір жерлерге жасалатын ұжымдық саяхат немесе сапар.

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы.

МАЗМҰНЫ

Қымбатты жас дос!3

1-бөлім. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Мен және менің отбасым

1-сабақ.	Отбасы портреті.....	4
2-сабақ.	Отбасындағы әдеп нормалары.....	6
3-сабақ.	Жалпыға ортақ әдеп нормалары.....	8
4-сабақ.	Тұтынуға қажетті заттар.....	10
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар.....	13

2-бөлім. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

Құқық және міндет

5-сабақ.	Баланың құқықтары мен міндеттері.....	16
6-сабақ.	Өмір сүру – Отанға қызмет ету.....	18

Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

7-сабақ.	Халықтар достығы.....	20
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар.....	22

3-бөлім. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

Мектеп және мектеп қауымдастығы

8-сабақ.	Мектеп – білім ұясы.....	24
9-сабақ.	Мектеп өмірі.....	26
10-сабақ.	Мектептегі қарым-қатынас.....	28
11-сабақ.	Біздің сынып.....	30
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар.....	32

4-бөлім. МЕНІҢ ТУҒАН ЕЛІМ

Менің атамекенім

12-сабақ.	Туған өлкемнің көрікті жерлері.....	34
13-сабақ.	Менің өлкем Қазақстан картасында.....	36

Денсаулық және қауіпсіздік

14-сабақ.	Қазіргі көлік түрлері.....	38
15-сабақ.	Қоғамдық көлікте жүру ережелері.....	40

Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

16-сабақ.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.....	42
17-сабақ.	Қазақстан Республикасының рәміздері – ұлттық мақтаныш.....	44
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар.....	46

5-бөлім. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Денсаулық және қауіпсіздік

18-сабақ.	Біздің тағам.....	48
19-сабақ.	Қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелері	50
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар.....	52

6-бөлім. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ АУЫЗ ӘДЕБИЕТИ

Мерекелер

20-сабақ.	Наурыз – мемлекеттік мереке.....	54
-----------	----------------------------------	----

Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер

21-сабақ.	Ертедегі адамдардың тіршілігі.....	56
-----------	------------------------------------	----

Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар

22-сабақ.	Ботай мәдениеті.....	58
23-сабақ.	Көне қалалар.....	60

Қазақстанның тарихи тамыры

24-сабақ.	Ғұндар – біздің бабамыз.....	62
-----------	------------------------------	----

Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері

25-сабақ.	Әбу Насыр әл-Фараби – ұлы ойшыл.....	64
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар	66

7-бөлім. ҚОРШАҒАН ОРТА

Жергілікті жерді бағдарлау

26-сабақ.	Көкжиек тұстарын тұсбағдар бойынша анықтау ...	68
-----------	--	----

Климат және ауа райы

27-сабақ.	Ауа райының адам өміріне әсері	71
-----------	--------------------------------------	----

Табиғи жағдайлар және олардың әсері

28-сабақ.	Табиғи нысандардың шаруашылыққа әсері	74
29-сабақ.	Өзің тұратын өлкенің табиғи жағдайы	76
30-сабақ.	Табиғаттың қауіпті құбылыстары	79
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар	82

8-бөлім. САЯХАТ

Туризм

31-сабақ.	Туризм түрлері	84
32-сабақ.	Қазақстандағы туризм	88
33-сабақ.	Қазақстан аймақтарындағы туристік нысандар	90

Әлем қалаларына саяхат

34-сабақ.	Өз өлкеңе экскурсия	92
	Қорытынды сұрақтар мен тапсырмалар	94
	Глоссарий	96

«Мектеп»

Баспа



Қымбатты дос!
Сен бұл оқу жылында қоршаған әлеммен таныстың, түрлі оқиғалар мен ғажайыптың бар екенін білдің. Енді қызықты саяхатымызды 3-сыныпта бірге жалғастыратын боламыз!

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балтабаева Ж., Лекерова П. Оқушының анықтамасы: 1–4-сынып. Алматыкітап, 2007.
2. Кругликова С.Б. Атлас-хрестоматия. Дүниетану 1–4-сынып. Алматы, 2005.
3. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Раритет, 2004.
4. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014.
5. Мұхамеджанов С. Әдеп әлемінде. Алматы: Мазмұндама, 2021.
6. Лим В.А., т.б. Жол қозғалысының әліппесі: Алматы: Мектеп, 2009.
7. Сламбекова Н., Караева К., Акимбаева С., Бектаева Г. Безопасность и здоровье в школе и дома (Учебная энциклопедия). Алматы: Аруна, 2008.
8. Балақайларға арналған тамаша энциклопедия. Мәскеу: Росмэн, 2012.
9. Балаларға арналған танымдық энциклопедия. Заманауи жетістіктер. Алматы: Аруна, 2022.
10. Сен білесің бе? Энциклопедия. Алматы: Аруна, 2017.
11. «1100 қызықты деректер» сериясының кітаптары. Алматы: Аруна, 2013.

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: <https://adilet.zan.kz>
2. Сапарғали Бегалин атындағы орталық қалалық балалар кітапханасы. – «Тарихи» – Қазақстан тарихы – мектеп оқушыларына: www.spving.kz



Учебное издание

**Толыбекова Шаиза Тиналиновна
Головина Галина Евграфовна
Дюжикова Марина Александровна
Золотарёва Валерия Юрьевна**

ДҮНИЕТАНУ

Учебник для 2 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Редакторы *С. Дәуірхан*
Керкемдеуші редакторы *Ә. Сланова*
Техникалық редакторы *Л. Садықова*
Корректоры *Ж. Баймағамбетова*
Компьютерде беттеген *Г. Оразақынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 6328

Басуға 22.06.22 қол қойылды. Пішімі 70×100^{1/16}. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі «Segoe UI». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 8,39.
Шартты бояулы беттаңбасы 34,20. Есептік баспа табағы 4,64.
Таралымы 20 000 дана. Тапсырыс №

«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34
E-mail: mektep@mail.ru
Web-site: www.mektep.kz